

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 819 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1327 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 501 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.07.2015 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 819 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., N 33, 355-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау мен төлеуді жүзеге асыру ережесінде:

1-тармақтың төртінші абзацы "және ерекше ауыр жұмыстарда" деген сөздерден кейін "немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы ""Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен куәландырылған" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақша "шотының" деген сөзден кейін "не түзеу мекемесінің арнаулы шотының" деген сөздермен толықтырылсын;

4 - т а р м а қ т ы ң 2) т а р м а қ ш а с ы н д а :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"әскери билетінің көшірмесі немесе қалалар мен аудандардың қорғаныс істері

жөніндегі басқармалары мен бөлімдерінің анықтамасы;";
бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"балалардың тууы туралы күәліктерінің көшірмелері (немесе азаматтардың хал-актілерін жазу органдары берген тууы туралы актілік жазбасы) мен балалардың мынадай құжаттарының біреуі:
жеке күәлігінің көшірмесі;
неке туралы күәліктің көшірмесі;
орта оку орнын бітіргені туралы аттестаттың көшірмесі;
орта арнаулы немесе жоғары оку орнын бітіргені туралы дипломның
көширмесі;
балалардың тұрақты тұратын жері бойынша тіркелген орнын растайтын
күжат;
балалардың қайтыс болғаны туралы күәліктің көшірмесі (немесе азаматтардың хал-актілерін жазу органдары берген қайтыс болғаны туралы
актілік жазбасы);";
алтыншы абзац алынып тасталсын;
сегізінші және тоғызыншы абзацтағы "анықтамасы" деген сөз "анықтамасының көшірмесі" деген сөздермен ауыстырылсын;
оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"бірінші топтағы мүгедекке, екінші топтағы жалғызлікті мүгедекке, бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға және атом сынақтарының, экологиялық апаттар салдарынан зардал шеккен немесе иммундық тапшылық вирусын жұқтырған не ЖҚТБ ауыратын он алты жасқа дейінгі мүгедекке күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін
растайтын соттың шешімі";
он бірінші абзацтағы "растайтын құжаты" деген сөздер "растайтын құжатының көшірмесі" деген сөздермен ауыстырылсын;
он бесінші абзацтағы "куәліктің көшірмесі" деген сөздерден кейін "не азаматтардың хал-актілерін жазу органдары берген некеге тұру және (немесе) некені бұзу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме" деген сөздермен толықтырылсын;

6 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"Мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау үшін осы Ереженің 3-тармағында санамаланған құжаттармен қатар, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аумақтық органдарының медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдері мүгедектігі туралы белгіленген нысандағы анықтамадан үзінді
көширмені ұсынады.";

- 1) тармақшадағы "кеңестің шешімі" деген сөздер "кеңес шешімінің көшірмесі"
 "деген сөздермен ауыстырылсын;
- 2) тармақшадағы "комиссияның шешімі" деген сөздер "комиссия шешімінің көшірмесі"
 "деген сөздермен ауыстырылсын;
- 3) тармақшадағы "куәлігі" деген сөз "куәлігінің көшірмесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 - т а р м а қ т а :
 е к і н ш і а б з а ц т а :

4) тармақшадағы "оқушысы немесе студенті" деген сөздер "оқушылары"
 д е г е н с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

үшінші абзацтағы 2) тармақша алынып тасталсын;

10-тармақтағы 2) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда
 ж а з ы л с ы н :

"Мұрағат құжаттары болмаған кезде, жұмыстың сипаты немесе еңбек жағдайлары мен олардың Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен Жерасты және ашық кен жұмыстарындағы, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің лауазымдар мен көрсеткіштердің N 1 Тізіміне немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің N 2 Тізіміне сәйкестігі сот органдары арқылы белгіленеді.";

24-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Тексерілетін деректердің растамасы келіп түскенге дейін зейнетақы немесе жәрдемақы бұл деректер есепке алынбай тағайындалады. Ұсынылған құжаттардың дұрыстығына растама келіп түскеннен кейін, зейнетақы немесе жәрдемақы мөлшері оларды тағайындауға өтініш берілген күннен бастап қайта қаралады.";

26-тармақтың екінші абзацы "стажы" деген сөзден кейін "толық" деген сөзбен толықтырылсын;

28-тармақтағы мынадай редакцияда жазылсын:

"қосымша құжаттардың берілген күнінен бастап" деген сөздер "стажы туралы немесе зейнетақыны бастапқы тағайындаған кезде тапсырылған кезеңдегі табысы туралы қосымша құжаттарды қоса отырып, осы Ережеге 1-1-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініш берген күнінен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

30-тармақтағы "6)" деген сан "4)" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 33-1-тармақпен толықтырылсын:

"33-1. Сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған қамқоршылықтағы (қорғанышылықтағы) адам үшін төлем

алушы қамқоршы (қорғаншы) ауыстырылған жағдайда Орталықтың бөлімшесі тиісті шешімді дайындауды және оны зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға ұсынады.";

36-тармақтағы бірінші абзацтағы "және ерекше ауыр жұмыстарда" деген сөздерден кейін "немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда" деген сөздермен толықтырылсын;

39 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасының азаматтарына" деген сөздер "адамдарға" деген сөз бен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы шегінен тыс кету сәтінде белгіленген" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бұл ретте зейнетақы Қазақстан Республикасы шегінен тысқары жерге кету сәтінде белгіленген мөлшерде қайта жаңартылады. Егер кету кезеңінде зейнетақыларды арттырулар жүргізілген болса, оның мөлшері осы арттыруларды ескере отырып белгіленеді.";

46-тармақ "төлемдерді тоқтата тұруға байланысты" деген сөздерден кейін ", оның ішінде осы Ереженің 45 және 57-тармақтарына сәйкес салыстырып тексеру деректері бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

58-тармақтағы "бөлімшелері" деген сөз "облыстық филиалдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

62-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жерлеуді жүзеге асырған адамның жеке куәлігінің көшірмесі, не заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі (занды тұлғалар үшін) немесе жерлеуді жүзеге асырған жеке кәсіпкердің патентінің (жеке адамдар үшін) көшірмесі;";

63-тармақтың екінші абзацтағы "электронды тұрде" деген сөздерден кейін "не қағаз түрінде" деген сөздермен толықтырылсын;

70-тармақтағы "және ерекше ауыр жұмыстарда" деген сөздерден кейін "немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 70-1-тармақпен толықтырылсын:

"70-1. Түзеу мекемесі орналасқан жердегі Орталықтың бөлімшесі зейнетақы/ жеке іс қағазын алғаннан кейін оны есепке қояды және түзеу мекемесінің арнаулы шотына зейнетақылар мен жәрдемақыларды толық көлемінде аудару үшін деректемелерін көрсете отырып, сottалушының деректерін ОДҚ енгізеді.";

74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"74. Сот шешімі бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған және қамқоршылыққа (қорғаншылыққа) мұқтаж, мемлекеттік медициналық-әлеуметтік

мекемелерде тұратын адамдарға (бұдан әрі - іс-әрекетке қабілетсіз қамқорлықтағылар) зейнетақылар мен жәрдемақылар қамқоршылары (қорғаншылары) зейнетақы мен жәрдемақыларды беру жөніндегі ұйымда аштын олардың банктік шоттарына есептеледі және қамқоршы (қорғаншы) оны қамқорлығындағылардың (қорғаншылығындағы) жеке мұқтаждарына қосымша тамак, дәрілік заттар, киім, аяқ киім, іш киім, бірінші кезектегі қажет заттарды, жұмсақ және қатты мүкеммал, санитарлық гигиена мен медициналық көмек заттарын сатып алуға пайдаланады.";

2) көрсетілген Ереже осы қаулыға 1-қосымшага сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын;

3) көрсетілген Ережеге 2-қосымшада:
kestедегі "Барлығы" деген жол алғынып тасталсын;
kesteden кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Барлығы _____ айда _____ теңге";
(сомасы жазумен)

4) көрсетілген Ережеге 3-қосымшада бүкіл мәтіндегі "оқушының/студенттің", "оқушысы/студенті", "оқушы/студент" деген сөздер тиісінше "білім алушының", "білім алушысы", "білім алушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) көрсетілген Ережеге 4-қосымшада:
тақырыбындағы "ерекше" деген сөз алғынып тасталсын;
"ерекше зиянды және ерекше ауыр" деген сөздер "зиянды (ерекше зиянды)
және ауыр (ерекше ауыр)" деген сөздермен ауыстырылсын;
"N 1 Тізімнің" деген сөздер "N__ Тізімнің" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) көрсетілген Ережеге 13-қосымшада:
kestедегі "М.О. ЕХӘҚД директоры_____/_____/
Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау бөлімінің бастығы_____
20___ж. "___" ____ кіріс N___
(облыстық филиалға келіп түскен күні)
20___ж. "___" ____ шығыс N___
(Еңбекмині департаментінен жіберілген күні)" деген жолдан кейін мынадай
мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"М.О. ЗТМО облыстық филиалының директоры_____
Маман_____
20___ж. "___" ____ кіріс N___
20___ж. "___" ____ шығыс N___
(ЗТМО бөлімшесіне жіберілген күні);

7) көрсетілген Ережеге 21-қосымшадағы "қайтыс болған күні 2007 жылғы "__
"___" деген жолдан кейін "Ұлы Отан соғысына қатысушы болған/болған емес
(қажеттісінің асты сыйылсын)" деген жолмен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007 жылғы 28 желтоқсандағы

N 1327 қаулысына

1 қосымша

Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеуді жүзеге асыру ережесіне

1-1 қосымша

Ауданын коды _____

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
облысы бойынша департаменті

туған күні 19 жылғы "—" Азамат(-ша) _____
(өтініш иесінің Т.А.Ә.)

Өтініш

Зейнетақы мөлшерін есептеу үшін қосымша құжаттарды қабылдауынызды сұраймын

Берілген күні _____ Өтініш иесінің қолы _____

Азам. _____ өтініші

200 жылғы "—" N қабылданды

Кұжаттарды қабылдауышының Т.А.Ә., лауазымы және қолы: _____

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

P / c N	Құжаттың атауы	Құжаттағы параллардың саны	Ескер- пе

(КИЮ СЫЗЫФЫ)

Аз. _____ отініші
N _____ тіркелген Құжаттар қабылданған күн _____
Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы және қолы: _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК